

ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Өздеріңізге белгілі, елімізде «Әділет» саяси партиясы мемлекеттік тіркеуден өтіп, өз жұмысын бастады. Соған сәйкес партияның аудандық филиалы да 2026 жылғы 7 шілдеде Әділет органына ресми тіркелді. Кеше партияның аудандық филиалының ең алғашқы тарихи І конференциясы өтті.

Конференция жұмысына кент және ауылдық округтерден «Әділет» саяси партиясының мүшесі болып табылатын партия белсенділері, ардагерлер, үкіметтік емес ұйым жетекшілері және БАҚ өкілдері қатысты. Жиынның күн тәртібінде негізгі екі мәселе қаралды. Бірінші мәселе «Әділет» саяси партиясы Сырдария аудандық филиалының төрағасын сайлауға, екінші мәселе «Әділет» саяси партиясы Сырдария аудандық филиалының Саяси кеңесінің мүшелерін сайлауға арналды.

Алғашқы мәселе бойынша «Әділет» саяси партиясының мүшесі Жеңісбек Төрәлиев партияның аудандық филиалының төрағасы лауазымына Ақтөре Ибрагимұлының кандидатурасын ұсынып, өмірбаянымен, саяси-шығармашылық жетістіктерімен таныстырды. Ұсынысқа сәйкес «Сырдария ауданының Құрметті азаматы», ҚР Мәдениет саласының үздігі Сансызбай Сәдуақасұлы және «Құрмет» орденінің иегері, мемлекеттік

қызмет саласының ардагері Балшекер Өтегенова сөз сөйлеп, делегаттарды қолдау білдіруге шақырды. Делегаттар ашық дауыс беру арқылы өз таңдауларын жасап, «Әділет» саяси партиясының Сырдария аудандық филиалының төрағасы лауазымына Ақтөре Ибрагимұлының кандидатурасын бекітті.

Жаңадан құрылған партияның аудандық филиалының І конференциясының шешімімен төраға болған А.Ибрагимұлы делегаттарға, қолдау танытқан азаматтарға шынайы ризашылығын білдіріп, бар күш-жігері мен білімін ауданның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына жұмсайтынын айтты. Сонымен қатар алда тұрған мақсат-міндетке кенінен тоқталып, партияның жарғысы мен бағдарлалық бастамасын жүзеге асыру жолында партия мүшелерінің белсене атсалысатынына сенім білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Әділет» саяси партиясы Сырдария аудандық филиалының Саяси кеңесінің мүшелері сайланды. Саяси кеңес қатарына белді де белсенді партия мүшелері ұсынылып, конференция шешімімен бекітілді.


Айта кету керек, «Әділет» саяси партиясының Сырдария аудандық филиалының төрағасы Ақтөре Ибрагимұлы еңбек

жолын журналистика саласынан бастаған. Әр жылдары республикалық «Қазақстан жолы» газетінде тілші, аға тілші, жауапты хатшы қызметтерін атқарған. 2014-2017 жылдары Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінде тілші болса, 2017-2019 жылдары Сырдария ауданы әкімінің көмекшісі, аудан әкімінің баспасөз хатшысы, аудан әкімі аппаратының аударма жөніндегі редакторы ретінде еңбек етті. Ал 2019-2024 жылдары Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің бас редакторы, 2024 жылдың қазан айынан бастап күні кешегі дейін «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалының Атқарушы хатшысы қызметін атқарып келді. Ақтөре Ибрагимұлы – Сырдария аудандық мәслихатының 7,8 шақырылымының депутаты, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Сырдария аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі. Ол – «Сыр үміті», «Өрлеу», «Ғани Мұратбаев» атындағы жастар сыйлығының иегері, 2025 жылы «Тұран» әдеби сыйлығымен және ҚР Президентінің 2026 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығымен мемлекеттік награда «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

«Тт» ақпарат

● НАЗАР

БІРЫҢҒАЙ QR-КОД ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?



Басылымның «Назар» айдары аясында елімізде көпшілік арасында жиі талқыланып жүрген өзекті мәселелерді оқырман назарына ұсынып келеміз. Соңғы уақытта отандық банктердің қызметі бірыңғай QR-код жүйесіне көшетіні туралы жиі айтылуда. Өз кезегінде Ұлттық банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, екінші деңгейлі банктер мен Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде бірыңғай QR-код жүйесін енгізудің соңғы кезеңдерін талқылап, бірқатар шешім қабылдады.

Банктердің банкаралық мобильді төлемдер жүйесіне қосылу барысы, сондай-ақ QR-код арқылы төлем жасау қызметін кеңінен қолданысқа енгізу мәселесі қаржы саласы мамандары тарапынан жан-жақты қарастырылды. Қабылданған шешімге

сәйкес, бірыңғай QR-код жүйесін кезең-кезеңімен енгізу шілде айының басынан басталып, 2026 жылғы 19 шілдеде толық іске қосылды.

Жаңа жүйенің басты артықшылығы – тұтынушылар төлем жасау кезінде сатушы қай банктің QR-кодын пайдаланатынына қарамастан, өздері қолданатын банк қосымшасы арқылы еркін есеп айырыса алады. Бұл түрлі банк арасындағы төлемді жеңілдетіп, азаматтар мен кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай қалыптастырады.

Мамандардың айтуынша, бірыңғай QR-код төлем қызметінің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мәдениетін дамытуға да оң ықпал етеді. Дегенмен, жүйеге әрбір банктің қосылу мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан жаңа қызметтің барлық клиент үшін қолжетімді болуы кезең-кезеңімен

жүзеге асырылады.

ҚР Ұлттық банкі төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, бірыңғай QR-код жүйесі қолма-қол ақшасыз төлем жасауды айтарлықтай жеңілдетеді.

«Бірыңғай QR-код енгізіледі. Бір ғана QR-код арқылы қай банктің қосымшасын пайдалансаңыз да – Kaspi, Halyk, Forte немесе басқа банк болсын – еш кедергісіз төлем жасауға мүмкіндік туады. Быыл 19 шілдеден бастап банкаралық QR-төлемдердің бірыңғай жүйесі іске қосылды. Парламенттің қолдауының арқасында быылғы 1 мамырдан бастап экономиканың жаңа бағытын дамытуға қажетті құқықтық негіз қалыптастырылды. Үдерісті жан-жақты зерттедік. Бұл жұмыспен өз мамандарымыз айналысып жатыр. Банктер өз экосжүйелерінде QR-төлемдерге арналған технологиялар мен қауіпсіздік құралдарына қомақты инвестиция салды. Енді осы жүйелерді өзара қауіпсіз түрде ықпалдастырып, бір-біріне қолжетімді ету қажет болды» деді Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов.

Айта кетейік, бірыңғай QR-код жүйесін енгізу «Банктер және банк қызметі туралы» заңға енгізілген өзгерістер аясында жүзеге асырылуда. Алғашқы заң ұлттық цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған және банкаралық мобильді төлемдер жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Негізінен, бұл бастама осыдан екі жыл бұрын елімізде талқылана бастаған. Ұлттық банк пилоттық жобаның мүмкіндіктерін сарапалап, оны биыл қолданысқа енгізіп отыр.

Жаңа бастама еліміздегі цифрлық қаржы қызметтерінің сапасын арттырып, төлем жасау үдерісін барынша ыңғайлы әрі қауіпсіз етуге мүмкіндік береді.

Б.ОРДАБЕКОВ

«СТОП, КРЕДИТ» — ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Несие мен қарыз бүгінде көп отбасының күнделікті өміріне айналған. Үй алу, той өткізу, оқу ақысын төлеу немесе басқа да тұрмыстық қажеттіліктің басым бөлігі қомақты қаражатты талап етеді. Қазіргі таңда тіпті киім-кешек пен азық-түлікті бөліп төлеу арқылы сатып алу қалыпты құбылысқа айналды. Соның салдарынан кейбір азамат аса қажет болмаса да, қарызға жүгінуді әдетке айналдырып келеді. Тіпті «байқамай, несие алып қоямын» дейтіндер де бар. Қаржылық сауаттылықты арттыру бағытында түрлі түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен несиеге тәуелділік мәселесі әлі де өзекті.

Бұл тұрғыда ерекше назар аударатын мәселенің бірі – микроқаржы ұйымдарының қызметі. Мұндай ұйымдарда несие рәсімдеу оңай әрі жылдам жүзеге асады. Көп жағдайда қарыз алушының табысы, жасы немесе несие тарихы басты талап ретінде қарастырылмайды. Алайда оның кері тұсы да бар. Микроқаржы ұйымдарының пайыздық мөлшерлемесі жоғары болғандықтан, төлем уақытында өтелмесе, өсімпұл еселеп көбейіп, шағын қарыздың өзі бірнеше жыл ішінде қомақты берешекке айналуы мүмкін. Кей жағдайда мұндай несие уақытша қаржылық қиындықтан шығуға кемеңгермен, олар әсіресе жастардың қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіруі ықтимал. Бұл сала алаяқтардың

да жиі пайдаланатын тетіктерінің біріне айналып отыр.

Осындай қауіптердің алдын алу мақсатында мемлекет «Стоп-кредит» қызметін іске қосты. Бұл сервис азаматтарға өз атына жаңа банктік қарыздар мен микрокредиттер рәсімдеуге ерікті түрде тыйым салуға мүмкіндік береді. Қызмет 2023 жылдың наурыз айынан бастап қолжетімді болғанымен, оның мүмкіндіктері туралы көпшілік әлі де толық біле бермеуі мүмкін. Сервисті «eGov.kz» порталында немесе «eGov Mobile» мобильді қосымшасы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен қосуға болады.

Қазіргі уақытта интернет-алаяқтықтың түрі көбейіп, азаматтардың қаржысын заңсыз иемдену жағдайы жиілеп келеді. Әсіресе электрондық қызметті толық меңгермеген егде жастағы адамдар жиі зардап шегеді. Кей жағдайларда олардың телефоны немесе жеке дерегі арқылы өзге адамдар заңсыз несие рәсімдеп, қаржыны жеке мақсатына жұмсайтын фактілер де кездеседі. Сонымен бірге кәсіби алаяқтар түрлі айламен азаматтардың жеке мәліметтерін алып, олардың атына қашықтан несие рәсімдеп жатады. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алуда «Стоп-кредит» сервисі маңызды қорғаныс құралы саналады.

Азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мақсатында енгізілген бұл қызметті алдын ала қосып қою тиімді. Ал егер кейін несие рәсімдеу қажеттілігі туындаса, өтініш негізінде қойылған шектеуді кез келген уақытта алып тастай алады. Қызметті қосу үшін алдымен eGov.kz порталына кіріп, жеке кабинетке тіркелу қажет. Кейін «Сервистер» бөлімінен «6 ай мерзімге банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» қызметін таңдап, онлайн өтінім береді. Өтініш электрондық цифрлық қолтаңбамен расталғаннан кейін азаматтың атына жаңа несие рәсімдеуге тыйым салынады. Айта кету керек, ЭЦҚ кілтіп бөгде адамдарға беруге немесе жариялауға болмайды, себебі ол азаматтың жеке қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Егер өз еркімен несие алудан бас тарту қызметі қосылу кезеңде оның атына заңсыз несие рәсімделсе, онда сол қарызды өтеу міндеті сол адамға жүктелмейді. Мұндай жағдайда кредит берген банк немесе микроқаржы ұйымы заңсыз рәсімделген қарызды есептен шығаруға міндетті. Бұл норма азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, қаржылық алаяқтықтан келетін залалдың алдын алуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

А.МҰХАНБЕТҚАЛИ

Оймақтай ой

ЖҮЗ ТЕҢГЕНІҢ ҚҰНЫ



Суретті түзген Н.НҰРҚАБЫ

Жақында бір жиында жасы үлкен, өмірдің талай белесін артқа тастаған ақсақалдардың әңгімесіне куә болдым. Әдеттегідей сөздің тиегі бүгінгі тұрмыс пен нарықтың жайына келіп тірелді. Сонда бір ақсақал ауыр күрсініп:

– Нарықтың беталысы қайда барады екен? Күн сайын баға құбылып, күнделікті тұтынатын дүниенің бәрі қымбаттап барады. Кеше ғана қолжетімді болған заттың өзі бүгінде қалтаға салмақ салып тұр, – деді. Оның сөзін орта жастағы азамат іліп әкетті.

– Бұрын бір қорап сіріңкені бір теңгеге алатынбыз. Іші толып тұратын. Ал қазір жиырма теңгеге алған қораптың өзінде жиырма тал сіріңке әрең болады. Баға өскенімен, сапасы мен көлемі де бұрынғыдай емес, – деп өз ойын жеткізді.

Бұл әңгіме еріксіз мені балалық шаққа жетеледі. Мектепке шығарда әкеміз қолымызға ұстататын жүз теңге сол кезде біз үшін мол байлықтай көрінетін. Сол ақшамен мектеп асханасынан тәтті тоқаш, бәліш, сусын алып, қажетімізді түгел өтейтінбіз. Кейде тіпті азын-аулақ ақшаны үнемдеп, ертеңіне де жеткізіп жүретін едік. Қолдағы жүз теңге көңілге сенім ұялатып, өзімізді бай сезіндіретін. Ал студент жылдары ата-анамыз қолымызға ұстатқан азғантай ақшаны бір аптаға жеткізуді мақсат ететін едік. Бұл бір жағынан дамыл көрместен қызмет етіп, баласының білім алуына барлық жағдайды жасаған ата-ананың алдындағы үлкен жауапкершілік еді.

Қазір заман басқа, уақыт өзгеше. Ақшаның құны өзгерді, нарықтың өз заңы бар. Баға күн сайын құбылып, кеше ғана жеткілікті болған қаражат бүгін бір-екі қажетті затқа ғана жететін

жағдайға айналды. Мұны уақыттың талабы, экономиканың заңдылығы деп қабылдаймыз. Дегенмен, бұрынғы мен бүгінгінің айырмашылығы байқамау мүмкін емес. Мәселен, жақында бір танысым қарапайым өзіне керекті бір тауарды дүкеннен 1750 теңгеге сатып алғанын айтып, ал келесі бір сауда орталығында сол бір тауар 1300 теңгеден сөреде тұрғанын алға тартады. Нарық заңдылығына сәйкес, бағада тепе-теңдіктің болуы тұтынушы құқығын қорғайды.

Әңгіме біз тақырыпқа арқау етіп отырған жүз теңгенің құнында емес. Ең бастысы, сол ақшаның артында тұрған кезеңде, адамның қанағатында, қарапайым тұрмысында. Бұрын аз дүниеге риза болатын көңіл бар еді. Бүгінде табыс көбейгенімен, шығын да еселеп артып келеді. Сондықтан көпшілік «ақшаның берекесі кетті» деп жиі айтады.

Бәлкім, өткен күнді аңсау – әр бұынға тән қасиет шығар. Дегенмен, балалық шақтағы әкеміздің алақанымызға қыстырып жіберетін жүз теңгесі, мектеп асханасындағы тәтті тоқаштың дәмі, ештеңеге алаңсыз өткен сол күндер ешқашан ұмытылмайды. Кейде бір ауыз «Жүз теңге берші» деген сөздің өзі көңіл түкпірінде сақталған ең жылы естелікті қайта тірілкендей әсер қалдырады.

Өткеннің бағасы қаржымен өлшенбейді. Ол – сағынышпен, естелікпен және уақыттың қадірін түсінумен өлшенетін қымбат қазына. Қайткенменде, нарық заңдылығы өз дегенін жасайды. Күнкеріс қамын жасаған көпшілік мөлшерлі табыс тапқан сайын қажеттілігін өтеу үшін нарықтың ырқына көне беретіні жасырын емес.

Балтабай АЯБЕКҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 01.07-31.12.2026 жылдар аралығындағы №94671 келісімшарттық аумақ үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасына түзету, жол берілетін төгінділер нормативтері, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 24 тамыз сағат 10:30-да мына мекенжай бойынша өтеді: Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, №98.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/73112978038?pwd=8hGlH2XpI0v3mOakPBekXZeG74NoZu.1>

Конференция идентификаторы: 731 1297 8038

Қолжетімділік коды: 2pJT5a

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалуды реттеу басқармасы» КММ, эл. пошта: prd@korda.gov.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей prd@korda.gov.kz электрондық поштасы бойынша және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта мекенжайы: ordaekomonitoring@bk.ru және тел. +7 777 785 13 46 арқылы алуға болады.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы:

«ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ» ЖШС ҚР, Қызылорда қаласы, Д. Қонаев көшесі, 4 БСН 181140010632 Тел. +7(747)-101-30-09 e-mail: rita.shamshieva@tmgoperating.kz

Әзірлеуші:

«ОРДА-ЭкоМониторинг» ЖШС ҚР, БСН 191240016558, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв.39 Тел. +7777 785 13 46 e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru

Координатар:

45o 41' 59.8 " 65o 45' 05.99"; 45o 41' 59.8 " 65o 45' 05.99"; 45o 41' 59.8 " 65o 45' 05.99".

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Корректировке проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) для контрактной территории №94671, НДС, ПЭК, ПУО, ППМ на период с 01.07.2026 год по 31.12.2026 годы.

Общественные слушания состоятся 24 августа 2026 года в 10:30 часов по адресу: Кызылординская область, с.Теренозек, ул. Кунаева №98.

Ссылка на Zoom конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/73112978038?pwd=8hGlH2XpI0v3mOakPBekXZeG74NoZu.1>

Идентификатор конференции: 731 1297 8038

Код доступа: 2pJT5a

Территория воздействия: Кызылординская область, Сырдарынский район, Теренозекский с.о., с.Теренозек

Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», эл. почта: prd@korda.gov.kz

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до начала слушаний по электронному адресу prd@korda.gov.kz и на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>.

Дополнительную информацию можно получить по следующему электронному адресу: ordaekomonitoring@bk.ru, тел. +7 777 785 13 46 .

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ» РК, Кызылординская область, ул. Д. Конаева, 4 БИН 181140010632 Тел. +7(747)-101-30-09 e-mail: rita.shamshieva@tmgoperating.kz

Разработчик:

ТОО «ОРДА-ЭкоМониторинг» РК, БИН 191240016558 , город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39 Тел. +7 777 785 13 46 e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru

Координаты:

45o 41' 59.8 " 65o 45' 05.99"; 45o 41' 59.8 " 65o 45' 05.99"; 45o 41' 59.8 " 65o 45' 05.99".

СЫРДАРΙΑ АУДАНЫНЫҢ ШАҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ ИНЖЕНЕРЛІК ТҰРҒЫДА ӨЗІРЛЕНГЕН СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДЕ
ДАҚЫЛДАРДЫ КЕЗЕКТЕСТІРУ (РОТАЦИЯЛАУ) СХЕМАСЫ

Ауымсалы егістер	Таппар	Көлемі, га	Жарамсыз жерлер		Таза жер, га	Игеру жылдары							
			Батпақ, га	Субармайтын, га		2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	2030 жыл	2031 жыл	2032 жыл
№ 1 Ауымсалы егіс	1	99,6	0,6		99	Күріш	ӘД	ӘД	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	2	103,9	7,9		42	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
					54	Күріш	ӘД	ӘД	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка
	3	131,7	6,7		40	Күріш	ӘД	ӘД	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
					85	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш
	4	121,1	6,1		115	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	5	109,7		9,7	80	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
					20	Күріш	ӘД	ӘД	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	6	95,8		3,8	92	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Күріш
	7	101,2		1,2	100	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш
	8	115,8		0,8	115	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка
Күріш					565	342	407	500	615	496	319	319	
Жаңа жоймашка								142	85		169	354	
Ескі жоймашка					277	287	80	142	227	85	169	523	
Мелиоративтік тапп									115		92		
Өртарапгандыру дақылы							213	213					
Барлығы:													
№ 2 Ауымсалы егіс	1	878,8	21,3	15,5	842	842	842	842	842	842	842	842	842
	2	142	12	10	120	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш
	3	102,7	6,7		96	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш
	4	97,9		3,9	94	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш
	5	105,2	0,2		64	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
					41	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	6	139,9		29,9	110	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка
	7	101			68	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
					33	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	8	89		9	20	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш
					60	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
Күріш					564	504	458	252	402	470	434	390	
Жаңа жоймашка					164	60	114	96	120	110	132	164	
Ескі жоймашка					68	232	224	338	210	216	230	242	
Мелиоративтік тапп									110	64			
Өртарапгандыру дақылы													
Барлығы:													
№ 3 Ауымсалы егіс	1	881,3	18,9	66,4	796	796	796	796	796	796	796	796	796
	2	86,8	0,8		86	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	3	132,7	12,7		120	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	4	154,3	20,3		44	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
					90	МТ	МТ	МТ	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	5	138,8	0,8		138	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
	6	88,3	8,3		80	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	7	102,8	5,8		97	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	8	97,9	2,9		95	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
					45	МТ	МТ	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка
	Күріш					64	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш
Жаңа жоймашка					644	644	421	308	393	445	631	551	
Ескі жоймашка								182	369	45	183	80	
Мелиоративтік тапп								80	80	80	182	369	
Өртарапгандыру дақылы								135	135	176	97		
Барлығы:													
№ 9 Ауымсалы егіс	1	914,5	55,5		859	859	859	859	859	859	859	859	859
	2	86,8	0,8		86	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	3	132,7	12,7		120	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	4	154,3	20,3		44	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
					90	МТ	МТ	МТ	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	5	138,8	0,8		138	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
	6	88,3	8,3		80	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	7	102,8	5,8		97	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	8	97,9	2,9		95	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
					45	МТ	МТ	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка
	Күріш					64	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш
Жаңа жоймашка					644	644	421	308	393	445	631	551	
Ескі жоймашка								182	369	45	183	80	
Мелиоративтік тапп								80	80	80	182	369	
Өртарапгандыру дақылы								135	135	176	97		
Барлығы:													
№ 10 Ауымсалы егіс	1	74,1	7,1		67	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	2	93,7	5,7		88	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	3	75,5	0,5		75	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	4	94,3	5,4	3,9	85	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	5	77,4	2,4		75	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	6	91	4		87	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш
	7	64			64	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	8	77			77	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш
	Күріш						479	392	315	224	226	388	533
	Жаңа жоймашка						64	87	77	230	164	307	230
Ескі жоймашка						75	139	226					
Мелиоративтік тапп										85			
Барлығы:													
№ 14 Ауымсалы егіс	1	647	25,1	3,9	618	618	618	618	618	618	618	618	618
	2	76,5			76,5	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка
	3	113,3	8	14,8	90,5	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш
	4	83	19,6	11	52,4	Күріш	Күріш	Күріш	МТ	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка
	5	89,4		5,4	84	Күріш	Жаңа жоймашка	Ескі жоймашка	Ескі жоймашка	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка
	6	86,4		6,4	80	Жаңа жоймашка	МТ	ӘД	Күріш	Күріш	Күріш	Жаңа жоймашка	

№54 (9477)

21 шілде

2026 жыл

Tirshilik-tynysy.kz

4

Тіршілік
тынысы

Тереңезек кентінің орталық саябағында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен қолға алынған «Ауыл мәдениетінің өнер керуені – аудан төрінде» атты арнайы жоба аясында «Ритм» халықтық во-калды-аспапты ансамблінің «Сағыныш сазы – ретро кеш» атты мерекелік концерті өтті.



ӨНЕР КЕРУЕНІ АУЫЛ МӘДЕНИЕТІН АЙШЫҚТАЙДЫ

Концерт басталмас бұрын аудандық орталық кітапхана және тарихи-өлкетану музейінің ұжымы арнайы кітап және құнды жәдігерлердің көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгерлерінің шығармалары, ұлттық өнер мен мәдениетке арналған басылым, сондай-ақ өңір тарихы мен мәдени мұрасын насихаттайтын көптеген кітап қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. Көрме жұмысымен танысқан аудан басшысы Берік Сәрменбаев рухани құндылықтарды дәріптеудің маңызы зор екенін атап өтті.

Кештің басты мақсаты – ауыл мәдениетін дамыту, өнер ұжымдарының шығармашылығын насихаттау, аға буынның жүрегінен орын алған әндерді жаңғыртып, жастарға ұлттық және эстрадалық музыканың үздік үлгілерін дәріптеу болды. Кештің шымылдығын көпшілікке жақсы таныс «Ритм» халықтық вокалды-аспапты ансамблі ашты. Ұжым жылдар бойы ауданның мәдени өміріне өзіндік үлесін қосып, түрлі деңгейдегі мәдени іс-шарада өнер көрсетіп келеді. Ансамбльдің кәсіби орындаушылық шеберлігі мен сахна мәдениеті көрерменнің жоғары бағасына ие.

Ансамбль құрамындағы әрбір өнерпаз концерттің сәнін келтірді. Күйсандықта – Махмуд Сақтапов, бас гитарада – Жәнібек Әбдреев, барабанда – Абылайхан Байділдаев, ритм-гитарада – Ғалымжан Сансызбаев өнер көрсетіп, жанды дауыста орындалған әндерге ерекше әр берді. Музыкалық сүйемелдеудің үлесімі көрермендерді өткен жылдардың әсем әуеніне жетеледі.

Аталған концерт – тек ән кеші ғана емес, бірнеше буынның басын қосқан рухани жүздесу болды. Өткеннің әсем әуені мен бүгінгі өнердің үндестігі көрерменнің

жүрегінен орын тауып, сағыныш сезімін оятты. Ретро әндердің қайта жаңғыруы аға буынға жастық шақтың жарқын естеліктерін еске түсірсе, жастарға өткен дәуірдің музыкалық мәдениетімен танысуға мүмкіндік сыйлады.

«Ауыл мәдениетінің өнер керуені – аудан төрінде» жобасы мәдениетті ауыл-аймақта кеңінен насихаттауға, өнер ұжымдарының шығармашылығын қолдауға және тұрғындардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған маңызды бастама екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Осындай тағылымды әрі мазмұнды мәдени кеш аудан тұрғындарының рухани өмірін байытып, өнерге деген сүйіспеншілікті арттыра түсетіні сөзсіз.

Ауыл мәдениетін жаңғыртып, ұлттық өнерді дәріптеу және ауыл өнерпаздарының шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында қолға алынған «Ауыл мәдениетінің өнер керуені – аудан төрінде» мәдени жобасы өз жалғасын тапты. Бұл жолы мәдениет керуенінің эстафетасын Нағи Ілиясов, Іңкәрдария және Шаған ауылдық мәдениет ошақтарының өнер ұжымдары қабылдап, аудан тұрғындарына мазмұнды әрі тағылымы мол концерттік бағдарлама тарту етті.

Тереңезек төрінде өткен мәдени кеш ауыл мен аудан арасындағы рухани байланысты нығайтып, елді мекендерде қанат жайған өнердің өрісін кеңейте түсті. Өнер сүйер қауым ауыл мәдениетінің тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысып, шығармашылық ұжымдардың орындауындағы ән-күйді, ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын көріністерді және сахналық қойылымдарды тамашалады.

Тағылымы мол кеште әр ауылдың өнерпазы өздерінің шығармашылық әлеуетін жан-жақты таныта білді. Қазақтың халық әндері мен күйлері, патриоттық және лирикалық шығарма, ұлттық би мен театрландырылған қойылым көрермен көңілінен шығып, сахна сәнін келтірді. Әсіресе, ұлттық құндылықты арқау еткен көрініс пен туған жерге деген сүйіспеншілікті паш еткен әндер көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Нағи Ілиясов ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары дәстүрлі өнердің көркем үлгілерін ұсынып, қазақы болмыс пен ұлттық рухты дәріптейтін шығармалар орындады. Іңкәрдария ауылдық клубының өнер ұжымы әсем әндерімен, көркем би қойылымдарымен және әсерлі сахналық көріністерімен көрерменнің зор қошеметіне ие болды. Ал Шаған ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары орындаған халықтық және эстрадалық жанрдағы шығарма кештің мазмұнын байытып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Өнер кеші барысында ауыл мәдениетінің өзіндік ерекшелігі мен шығармашылық мүмкіндігі кеңінен көрініс тапты. Әрбір өнер нәмірі туған жерге деген құрметті, ұлттық салт-дәстүрді және қазақ өнерінің өміршеңдігін айшықтай түсті. Жас өнерпаздар мен тәжірибелі сахна шеберлерінің бірлескен шығармашылығы көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, ауыл мәдениетінің бүгінгі даму деңгейін айқын көрсетті.

Жоба аясындағы концерттік бағдарлама ауыл өнерпаздары үшін тәжірибе алмасудың, шығармашылық байланыс орнатудың және өнердегі ізденістерін көпшілікке танытудың тиімді алаңына айналып келеді.

Б.АЯБЕКҰЛЫ

ТҮРКИЯЛЫҚ САЯХАТШЫ — ТЕРЕҢӨЗЕКТЕ

Жексенбі күні бес жылдан бері шетелдерді саяхаттап жүрген жиһанкез Адем Атешті Тереңөзектен кезіктірдік. Әлемді велосипедпен аралап, Сыр өңіріне жеткен саяхатшы аудан орталығына табан тіреп, жергілікті халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Жалпы алғанда, саяхат – тек жаңа жерлерді көру ғана емес, түрлі халықтың мәдениетімен танысып, олардың турмыс-тіршілігін сезіну екені мәлім. Осындай мақсатты өмірлік ұстанымына айналдырған Адем Атеш жыл сайын төрт айын әлем елдерін велосипедпен аралауға арнайды. Оның айтуынша, жол азабы мен ұзақ сапардан ешқашан қорықпайды. Керісінше, әр елдің табиғаты, адамдары мен мәдениеті оған жаңа шабыт сыйлайды. Бес жыл ішінде саяхатшы Грузия, Армения, Иран, Ауғанстан, Ирак және Кипр елдерінде болып үлгерген. Биылғы сапарын да ерекше жоспарлаған ол маусым айының 6-сында ұшақпен Әзербайжанға барып, онда 25 күн аялдаған. Кейін Каспий теңізі арқылы кемемен Қазақстанның Ақтау қаласына жетіп, 6 шілдеден бастап велосипедпен еліміздің өңірлерін аралауға кіріскен. Осылайша мыңдаған шақырымды артқа тастады.

Жол үстінде талай қызықты оқиғаны бастан өткерген саяхатшы Қазақстан туралы ерекше әсерімен бөлісті. Оның айтуынша, қазақ халқының қонақжайлылығы туралы бұрыннан естігенімен, оны өз көзімен көргенде бұл қасиеттің шынайылығына толық көз жеткізген.

– Қазақ халқы өте қонақжай екен. Жолда кездескен адамдар суретке түсіп, жылы лебіздерін білдіреді. Көпшілігі су ұсынып, тамақтандырып, жолымды сұрап, қамқорлық танытып жатады. Осындай кеңпейілді халықпен жүздескеніме қуаныштымын, – дейді Адем Атеш.

Мұндай мейірімділік ұзақ сапарда жүрген кез келген адамның күш-қуатын арттырып, алға қарай жүруге жігер береді. Сондықтан Қазақстан оның сая-



хат картасында ерекше орын алатынын жасырмайды.

Адем Атеш – тек саяхатшы ғана емес, кәсіби суретші. Оның шығармашылығы дәстүрлі түрік өнерімен тығыз байланысты. Әсіресе, Эбру деп аталатын су бетіне сурет салу өнерін жетік меңгерген.

Эбру – ғасырлар бойы Түркияда дамып келе жатқан ерекше бейнелеу өнері. Бұл әдісте арнайы табиғи қоспа қосылған қоюлау су пайдаланыла-

ды. Су бетіне жайылып кетпейтін арнайы бояулар тамшылатып түсіріліп, ине, біз немесе тарақ тәрізді құралдардың көмегімен түрлі өрнек жасалады. Дайын болған бейне қағаздың бетіне көшіріліп, қайталанбас көркем туынды дүниеге келеді. Әрбір сурет бір ғана рет жасалатындықтан, оның дәл сондай көшірмесін қайта жасау мүмкін емес.

Суретші Эбру өнері адамға сабырлықты, ұқыптылықты және табиғатпен үйлесімділікті үйретеді дейді. Сондықтан ол барған мемлекеттерінде осы өнерді насихаттап, жергілікті тұрғындарға таныстыруды өзінің шығармашылық мақсаты санайды. Ұзақ сапар уақытында велосипед – оның ең сенімді серігі. Қажетті заттарының барлығы арнайы сөмкелерге жинақталған. Күн сайын ондаған шақырым жол жүріп, табиғат аясында тынығып, жаңа адаммен танысу оның өмір салтына айналған.

Тереңөзекке сапары аясында да жергілікті тұрғындармен жүздесіп, қазақтың дархан мінезіне тәнті болған саяхатшы алдағы бағыттары туралы да айтып берді. Оның келесі межесі – Қырғызстан мен Өзбекстан. Осы елдерді аралағаннан кейін де әлемнің басқа мемлекеттеріне саяхатын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Шекара мен қашықтықты велосипедпен еңсеріп жүрген Адем Атештің өмір жолы – ерік-жігердің, өнерге деген адалдықтың және әлем халықтарын жақындастыруға деген ұмтылыстың жарқын көрінісі. Қырық сегіз жастағы саяхатшы барған әрбір елден тек көрікті жермен қатар, адамның мейірімін, мәдениетін және достықтың құндылығын өзімен бірге алып жүреді.

Тереңөзекке ат басын бұрған түркиялық саяхатшының сапары – халықаралық достықтың, мәдени байланыстардың және өнердің ұлт пен шекара талғамайтын әмбебап құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Айта кетейік, саяхатшының велосипедінде Қазақстан, Әзербайжан, Түркия елінің туы ілініп тұр.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА АКУСТИКАЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

Президенттің ауылдық аймақтарды дамыту туралы тапсырмасы бүгінгі таңда жүйелі жүзеге асырылып келеді. Оның бір дәлелі – аудандағы ауылдық округтердің жасарып, жаңарып, гүлденуі. Бүгін ырысты Сәкен Сейфуллин ауылы туралы айтқымыз келеді. Жақында ауылда ашық аспан астындағы акустикалық кеш өтті. Бір айта көтерілгі – сахнада өнер көрсеткен өнерпаздар арасында да, көрерменнің ортасында да алыс-жақын ауданнан арнайы келген қонақтың болуы.



Ауыл кеші көңілді. Режиссерлік шешімімен қойылған сахна, ұйымдастыру, бәрі-бәрі үйлесімді. Кешкі самалмен күні бойғы қарбастан бір сәт бой жазып, жанды дауыстағы ән тындап отырсыз. Бұл – нағыз жанға дауа, былай айтқанда терапия. Арнайы фушет, фотозона барлығы бір-бірімен үйлесім тауып, үлкеннің де, жастың да көңілінен шыққан кеш болды. Концерттік бағдарламаны ауыл әкімі Бекзат Қыдырбаев пен ҚР Жазушылар одағының мүшесі Ақтөре Ибрагимұлы ашып беріп, көтеріңкі көңіл-күй тіледі.

Кештің жұлдызды қонағы – ақын, композитор, әнші Үкітай Ерниязов. Бүгінде көптеген танымал әнінің авторы әрі орындаушысына айналған жұлдызды қонақ ауыл тұрғындарына ерекше көңіл-күй сыйлады. Тұрғындар ризашылығын білдіріп, ақ батасын беріп жатты. Олан бөлек, Ғалымжан Шакизайда, Азамат Алтай, Динара Жакешова, Абылай Байділдаев, Махмұт Сақтапов, Мұхтар Набатов, Нұрсат Кеңесбай өнер көрсетіп, көрерменнің жүрегінен жол тапты. Кештің тізгінін белгілі жайдарманылар Әліби мен Әділ ұстап, әсем кештің әсерін арттырды.

Ауыл әкімі Бекзат Қыдырбаев қашанда өнер мен мәдениеттің жанашыры екеніне күміз. Айтпағымыз, ауыл әкімдігінің қолдауымен ауылдық клуб директоры Дастан Палмахов қолға алған жоба сәтті шыққан. «Ауылына қарап, азаматын таны» деген бар. Қай істе де ауыл тұрғындары атсалысып, бір-бірін қолдап келеді. Ауылдық клуб директоры Дастан бір сөзінде бұл жобаны бірнеше жыл бойы ойға алып, қорытқанын айтып қалды.


– Қазіргі таңда халықты қызықтыру оңай емес. Мәдениет саласында бірнеше жылдан бері еңбек етіп жүрген соң, бұл мәселе бізге жақсы таныс. Концерт ұйымдастыру барысында көрермен жинау, халықтың сұранысына толыққанды жауап беру қажет. Бұл жобаны бірнеше жылдан бері ойлап жүрдім. Ауыл тұрғындарына ерекше әсер сыйлайтын, отбасы болып келіп демалатын, жанды дауыстағы әнді тындап, рухани тынығатын мәдени кеш ұйымдастырсам деген ой болды. Кейін өнердегі ағаларымыз, әріптестеріміз, ұжым және ауыл азаматтары біріксідей атсалысып, осы кештің жоғары деңгейге өтуіне үлес қосты. Халықтың ризашылығын көргенде бірнеше жыл бойы ойда жүрген мақсатымының ақталғанын сезіндім. Алдағы уақытта да ауыл тұрғындарына осындай мазмұнды, тәрбиелік мәні бар мәдени жобаларды тұрақты түрде ұсынуды көздеп отырмыз, – дейді ауылдық клубтың директоры Дастан.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, бас-таманы ел ағалары, өнердегі әріптестері, ұжымы қолдады. Расында қаншама ой, еңбек сол кеште үлкендерің батасына, көпшіліктің ризашылығына сыйып кетті.

– «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген, бұл азаматтардың жұмысы анық көрініп келеді. Клубымыз жанданып, орталық алаң, дала сахнасы, субұрқақ қойылып, ауылымыздың көрініне үлес қосып тұр. Мәдениет – ауылдың рухани айнасы. Соңғы жылдары ауылдық клубтың жұмысы жанданып, орталық алаң көркейіп, дала сахнасы мен субұрқақ пайдалануға берілді. Мұның барлығы ауыл көлбетінің көркеюімен қатар, тұрғындардың мәдени өміріне тын серпіні беріп отыр, – дейді ауыл тұрғыны Л.Мығымбаева ризашылығын білдіріп.

Расында, мың естігеннен бері рет көрген артық. Ерекше форматта өткен бұл акустикалық кеш өнердің адам жанын біріктіретін, рухты асқақтататын құдіретін тағы бір мәрте дәлелдеді. Осындай игі бастамалар көбейіп, ауыл мәдениетінің шамшырағы әрдайым жарқырай берсін деген тілек қана санада жаңғырады.

А.МҰХАНБЕТҚАЛИ



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы»
газетінің редакциясы
Бас редактор
Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ

Телефондар:

Бас директор – 8 (7242) 40-11-10

Бас редактор – 8 (72436) 21-1-41

Тілшілер – 8 (72436) 21-5-73

Электронды сайт – tirshilik-tynysy.kz

Мекен жайымыз: 120600, Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Аманкелді Иманов көшесі №29 ұй. E-mail: tirshilik-tinisi@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17661-Г тіркеу куәлігі берілген.

«Тіршілік тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сана менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қазқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» Тел: 8(7242) 40-06-68

Таралым саны – 2874

Тапсырыс №1227

Кезекші редактор
Балтабай ОРДАБЕКОВ